

## *Перейти на латинский алфавит – приблизиться к мировым процессам*

---

---

### **ҚАЗАҚ-ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ САПАР**

Республикамыз егемендік алысымен ана тілімізді мемлекеттік тіл етіп, оның дәрежесіп іс жүзінде көтеру қолға алынды. Жақында бұл өзекті мәселені шешу жолында тұңғыш Президентіміз Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 12 сәуірдегі «Егемен Қазақстан» газетінің №70 санында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жарияланған тарихи дәрежедегі мақаласында ұлт келешегіпе байланысты көтерген мәселелердің бірі – өркениетті елдерде кеңінен тараған, интернет әлемінің негізгі арқауы және кезінде Қазақстанда он екі жыл қолданылған, латын әліпбиіне көшу мәселесі туралы өз ойын айтты.

Бұл мәселе 1993 жылдан бері талқыланып келе жатыр. Бізбен біргебастаған көрші бауырлас түбі бір түркі тілдес мемлекеттер латын әліпбиіне әлдеқашан көшіп те қойды. Түркі тілдес елдерге ортақәліпби құру мәселесі де созылып кетті. Елімізде 1994 ж. бастап тәжірибе жинаған Түркістандағы Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ғалымдары бұл мәселемен, кезінде менің тікелей басшылығыммен құрылған тіл үйрету орталығында, айналысты. Олар университет ішінде қолданыста болған қазақ-латын әліпбиімен қазақ-түрік сөздігін даярлап шығарып, мол тәжірибе жинады. Көршімемлекеттерде енгізілген әліпбилердің кейбір әріптері негізгі латиниңа базасында, яғни компьютер мен интернетте жоқ болып шығып, оларды компьютер тақтасында жоқ латиниңа - I (30 әріп), латиниңа - A (64 әріп) дейтіп базалардан алып, қиындықтар кездестіріп жатыр. Біздің пікірімізше жаңа қазақ-латын әліпбиін құрастырғанда, барлық елдерге кеңінен таралған негізгі латын(26 әріп:«A», «B», «C», «D», «E», «F», «G», «H», «I», «J», «K», «L», «M», «N», «O», «P», «Q», «R», «S», «T», «и», «V», «W», «X», «Y», «Z») базасынан сыртқа шықпау керек. Ол базаны ұқсас дыбыстарды белгілейтінәріптерге дыбыссыз белгі (апостроф) қосып қою арқылы 32 әріптерден тұратын қазақ-латын әліпбиін жасаған абзал. Барлық компьютерлер де, интернет жүйелері де осы 26 әріптік негізгі латын әліпбиімен жасалған. Егер қосымша базалардан (латиниңа-I,-A,-Bт.б.) таңба алып қоссақ, ол стандартқа сәйкес құрылған компьютерлерде жоқ, оны драйверге (түйметақтаға) қосымша енгізу керек. Мысалы, қызметкер іссапарда шет мемлекетте жүріпҚазақстанға бірхат жібергісі келсе, ол біреулердің компьютеріне жаңа әріптер енгізуі керек. Қонақүйлер де өз компьютерлеріне әркімдердіңөз әріптеріп енгізуіне рұқсат бермейді. Сондықтан негізгі латиниңа базасынан шықпай, дүниедегі ең қолайлы әліпби жасап алғанымыз жөн болар еді.

Бұл әліпбиді құру барысында бізтөмендегіқағидаттарды қолдандық:

- Халықаралық интернет жүйесіпе ену ісіноңайлатуды ең маңызды мақсат ретінде алға қойып, 26 әріптен тұратын негізгі латиниңа қорын толығымен қолданып, оны, түйық белгісін (апостроф) қолдану арқылы кеңейтіп (32 әріптерден тұратын) жаңа қазақ-латын әліпбиін жасау;

- Түркі тілдес елдердің 1993 жылғы Анкарадағы келісімі бойынша 34 әріп таңбасынан аспау;

- Латын әліпбиін қолданатын түркі тілдес елдердің тәжірибесіп және 1929-1940 жж. қолданыста болған қазақ-латын әліпбиінің ерекшелігін ескеру;

- Бір дыбысқа – бір әріп арнау (апостроф –әріп емес, дыбыссыз белгі).

Латын әліпбиі бізге жат емес, 1929 жылдан 1941 жылға дейін қолдандық. Оның үстіне шет тілдеріп 1950 жылдардан бастап мектептер мен жоғарғы оқу орындарында үздіксіз латынша оқып келеміз. Бұл мақалада біз қазақ-латын әліпбиіне 32 әріп және бір үнсіз белгі (') (апостроф)ұсынып отырмыз. Газет бетінде жоба етіп жарияланып жүрген көптеген әліпбилердің негізгі кемшілігі қазіргі 42 әріптердің ішіпен қысқартылып кеткендерінің орны мен жаңа белгісіпнің көрсетілмеуінде. Бұл аударма жұмыстарын қиындатады. Біздің пікірімізше, латын-қазақ әліпбиін құрастыру мақсатымен латынның негізгі 26 әріптіп түгел пайдаланып, оны, үнсіз, дәйекші «'» - (апостроф)

белгісінің көмегімен 6 әріпке кеңейтіп, 32 әріптен түзегеніміз дұрыс. Кирилинадағы **ь, ъ** – әріптеріп толығымен қысқартқан жөн, себебі **і, ы, у, ү** сияқты әріптер жіңішке немесе жуан дыбыстармен оқылады. Қазақ тілінің ішінде европалық кірме сөздермен келген 5 әріптің – **ѐ, ц, ю, я, щ** табиғи фонетикасына сәйкестеле қосалқы әріптермен (диграфтармен) «**jo**», «**ts**», «**ju**», «**ja**», «**s's**» - деп, ал **и, ъ** және **э** әріптері өздеріне үндес **й, х, е** әріптеріне қосылып «**й**», «**х**», «**е**» болып оқылғаны жөн. Сонымен қазақша кирилинадағы 42 әріптің екеуі қысқартылды, үшеуі үндес әріптермен қосылды, ал бесеуі қосарлы әріптермен оқылады. Қолданыста әліпбидегі 32 әріп болады.

#### Қазақ-латын әліпбиі:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>A, a</b>	<b>A', a'</b>	<b>B, b</b>	<b>C, c</b>	<b>C', c'</b>	<b>D, d</b>	<b>E, e</b>	<b>F, f</b>	<b>G, g</b>	<b>G', g'</b>
<b>A, a</b>	<b>Ә, ә</b>	<b>Б, б</b>	<b>Ж, ж</b>	<b>Ч, ч</b>	<b>Д, д</b>	<b>Е, е</b> (Э, э)	<b>Ф, ф</b>	<b>Г, г</b>	<b>Ғ, ғ</b>

11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
<b>H, h</b>	<b>I, i</b>	<b>J, j</b>	<b>K, k</b>	<b>L, l</b>	<b>M, m</b>	<b>N, n</b>	<b>N', n'</b>	<b>O, o</b>	<b>O', o'</b>
<b>Y, y</b>	<b>I, i</b>	<b>Й, й</b> (И, и)	<b>К, к</b>	<b>Л, л</b>	<b>М, м</b>	<b>Н, н</b>	<b>Ң, ң</b>	<b>О, о</b>	<b>Ө, ө</b>

21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
<b>P, p</b>	<b>Q, q</b>	<b>R, r</b>	<b>S, s</b>	<b>S', s'</b>	<b>T, t</b>	<b>U, u</b>	<b>V, v</b>	<b>W, w</b>	<b>X, x</b>
<b>П, п</b>	<b>Қ, қ</b>	<b>Р, р</b>	<b>С, с</b>	<b>Ш, ш</b>	<b>Т, т</b>	<b>У, у</b>	<b>В, в</b>	<b>Ұ, ұ</b>	<b>Х, х (h)</b>

31	32
<b>Y, y</b>	<b>Z, z</b>
<b>Ы, ы</b>	<b>З, з</b>

(')
Дәйекті белгі

Әліпбидегі **и** мен **й** де бір әріппен «**й**» -деп белгілеуді тіліміздің табиғатын ескере отырып, дұрыс көрдік. Сирек қолданылатын **щ** әрпін екі **ш** – «**s's**» жазған дұрыс деп ойлаймыз. Ал «**e**» әрпін **ж** деп белгілеуіміздің себебі, базада кириллише «**s**» бар, оның үстіне кейбір түркі тілдес елдерде «**e**» - **дж, ж** болып оқылады. Сондай-ақ латынша, «**i**» әрпін сол күйінде қалдырып, кириллше - **і** деп, оның, қасына «**й**» деп оқу да, қолайлылық принципмен туындап отыр. Әліпбидегі әріптердің реттелуінде латын тізбегі қолданылады. Бірақ ұқсас дыбысты қазақи әріптерді қатарынан қоюды жөн деп көрдік: «**a**» мен «**a'**» (**ә**), «**n**» мен «**n'**» (**ң**), «**o**» мен «**o'**» (**ө**) және т.б.

Жаңа әліпбидің ұсынылған жобасын ешбірқиындықсыз тез арада үйреніп алуға болады. Өйткені, тосыннан келген диакритикалық белгілер, жаңа әріптер мүлдем жоқ, бір-біріне ұқсас «**a**» мен «**a'**» (**ә**), «**n**» мен «**n'**» (**ң**), «**o**» мен «**o'**» (**ө**) әріптеріп үйреніп алу бір пәстік мәселе. Кирилинадан толығымен қысқарған тек 2 әріп **ь, ъ** үнсіз белгілерғана. Басқа әріптердің бәріжоғарыда айтылғандай өз орындарын тапты: үш әріп (**и, ъ, э**) өздеріне үндесәріптеріне қосылып, ал бес әріп (**ѐ, ц, ю, я, щ**) қосарлы әріптермен оқылады. Қазақ кирилинасындағы 42 әріптен қазақ-латын әліпбиінде орын алғаны 32 әріп. Ал оған бес әріптің қосарлана (диграфтармен) оқылатынын ескерсек, 37 әріптің сақталғаны көрініп тұр. Бұл түркі тілдес елдердің ішіндегі ең жұмсақ тәсілді қолданғанымызды байқатады. Бұл әліпби интернет жүйесіне, халықаралық коммуникацияға кіруге және ағылшын тілін тезірек үйренуға пайдасын тигізеді.

Қазақ-латын әліпбиінің ағылшын әліпбиіне біршама жақын және осы тілді тез үйренуге мүмкіндік бере алатын басқа да нұсқасын ұсынуға болады. Бұның айырмашылығы кейбір әріптерді таңбалау үшін, дәйекті белгі ретіндегі апострофтың орнына 26 әріптің біреуін «**H, h**»-ты дыбыссыз

белгі(h)ретінде қойып, диграфтарды қолдану болып табылады. Мұнда кең танылған ағылшын қос әріптері қолдануға болады: «ch»-**ч**, «sh»-**ш**, «ng»-**ң**, «zh»-**ж**. Бұл жағдайда қосымша тағы үш әріпті диграфтармен белгілеу қажеттігі туып тұр: «ah»-**ә**, «gh»-**ғ**, «wh»-**ұ**. Қазақ әліпбиіндегі **ә** әріі дыбыстануы бойынша ағылшынның «o» әріпіне келеді, және де оның белгісі де -[ә]. Осы мәселенің ең басты амалы – ағылшын әліпбиінің барлық әріптерін қолданылуын ескере отырып, **ә** әріпін «с» деп белгілеу жөн болады. Онда **қазақ-латын әліпбиінің екінші нұсқасы** келесідей болады:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>A, a</b>	<b>B, b</b>	<b>C, c</b>	<b>D, d</b>	<b>E, e</b>	<b>F, f</b>	<b>G, g</b>	<b>L, l</b>	<b>J, j</b>	<b>K, k</b>
<b>А, а</b>	<b>Б, б</b>	<b>Ө, ө</b>	<b>Д, д</b>	<b>Е, е</b> (Э, э)	<b>Ф, ф</b>	<b>Г, г</b>	<b>Л, л</b>	<b>И, и</b> (Й, й)	<b>К, к</b>

11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
<b>I, i</b>	<b>M, m</b>	<b>N, n</b>	<b>O, o</b>	<b>P, p</b>	<b>Q, q</b>	<b>R, r</b>	<b>S, s</b>	<b>T, t</b>	<b>U, u</b>
<b>І, і</b>	<b>М, м</b>	<b>Н, н</b>	<b>О, о</b>	<b>П, п</b>	<b>Қ, қ</b>	<b>Р, р</b>	<b>С, с</b>	<b>Т, т</b>	<b>У, у</b>

21	22	23	24	25	–	26	27	28	29
<b>V, v</b>	<b>W, w</b>	<b>X, x</b>	<b>Y, y</b>	<b>Z, z</b>	<b>H, h</b>	<b>Ah, ah</b>	<b>Ch, ch</b>	<b>Gh, gh</b>	<b>Ng, ng</b>
<b>В, в</b>	<b>Ү, ү</b>	<b>X, x(h)</b>	<b>Ы, ы</b>	<b>З, з</b>	<b>Үнсіз белгі</b>	<b>Ә, ә</b>	<b>Ч, ч</b>	<b>Ғ, ғ</b>	<b>Ң, ң</b>

30	31	32
<b>Sh, sh</b>	<b>Zh, zh</b>	<b>Wh, wh</b>
<b>Ш, ш</b>	<b>Ж, ж</b>	<b>Ү, ү</b>

Қазақ-латын әліпбиіне көшудің саяси мағынасына келетін болсақ, бұл кирилицаны қолдану практикасынан шығарып тастау емес. Тұңғыш Президентіміз Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, біз қазақстандықтарды 3 тілді: мемлекеттік қазақ тілін және орыс, ағылшын тілдерін білуге шақырамыз. Қазірдің өзінде 3 тіл 2 әліпбимен оқылады - кирилица мен латын. Қазақ-латын әліпбиіне көшкенімізде де, әсіресе алғашқы жылдары сол 2 әліпбиді қолданамыз. Бір сөзбен айтқанда бұл істің қиыншылығы жоқ, пайдасы мол. Біз 2050 жылға дейін көш басындағы дамыған 30 елдің ішіне кіруді жоспарлаған елміз. Сондықтан латын әліпбиіне көшіп, ағылшын тілін игеріп, дүниедегі озық білім, ғылым, жаңа технологияларға тікелей қол жеткізуден басқа жолымыз жоқ.

Сөз соңында айтарым, жанадан қабылданатын қазақ-латын әліпбиінің авторлары болмағаны жөн, сонда қажетсіз айтыс-тартыстан аулақ боламыз. Жаңа әліпбидің авторы Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың кемеңгерлік қолбасшылығымен кеңінен қанат жайып, өркендеп келе жатқан - Жаңа Қазақстан дәуірі болсын! Бұл халықаралық озық көрнекі кеңістігіне бағытталған үлкен істеріміздің бірі болмақ. Күдіктен үмітсіздік отырып, белгілі ұсыныстардың бәрін топтап, бір мәмілеге келіп, Үкімет Қаулысымен қазақ латыншасын 2017 жылы анықтап, 2018 жылы ресми түрде, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өмірге келтіру керек. Латын әліпбиіне толық көшу мерзімін созбай, 3-4 жылдың ішінде толық қолданысқа мемлекеттік деңгейде енгізгеніміз жөн. Жаңашыл халықпыз ғой, мемлекеттік статусы бар тіліміздің абырой-дәрежесінің өсуіне де, өркеніет әлеміндегі осы әліпбидің шипа болуына күмәніміз жоқ.

Qazaq-latyn a`lipbijn engizip, ana tilimizdi damytajyq ag`ajyn. Sapar on` bolsyn!  
(Qazaq-latyn ahlipbijn engizip, ana tilimizdi damytajyq aghajyn. Sapar onh bolsyn!)

Мұрат ЖҰРЫНОВ  
ҚР ҰҒА президенті, академик

## I-нұсқа. ҚАЗАҚ-ЛАТЫН ӘЛПБИИ

1	A, a	А, а
2	B, b	Б, б
3	C, c	Ж, ж
4	D, d	Д, д
5	E, e	Е, е (Э, э)
6	F, f	Ф, ф
7	G, g	Г, г
8	H, h	Ү, ү
9	I, i	І, і
10	J, j	И, и
11	K, k	К, к
12	L, l	Л, л
13	M, m	М, м
14	N, n	Н, н
15	O, o	О, о
16	P, p	П, п
17	Q, q	Қ, қ
18	R, r	Р, р
19	S, s	С, с
20	T, t	Т, т
21	U, u	У, у
22	V, v	В, в
23	W, w	Ү, ұ
24	X, x	Х, х (h)
25	Y, y	Ы, ы
26	Z, z	З, з
-	(') прим. Дәйекші, үнсіз белгі	
27	A', a'	Ә, ә
28	C', c'	Ч, ч
29	G', g'	Ғ, ғ
30	N', n'	Ң, ң
31	O', o'	Ө, ө
32	S', s'	Ш, ш

**Ескертулер:**

- 1) Қазақша кирилицадағы 42 әріптің екеуі –ъ, ь толығымен қысқартылады, үшеуі–**й, һ, э** үндес әріптермен біріктіріледі - **ц, х, е**
- 2) Қосалқы дыбысты немесе кірме сөздерде кездесетін- **ё, ц, ю, я, ш** әріптері қосарлы әріптермен таңбаланады - «jo», «ts», «ju», «ja», «s's'».

**II-нұсқа. ҚАЗАҚ-ЛАТЫН ӘЛПБИИ**

1	<b>A, a</b>	<b>А, а</b>
2	<b>B, b</b>	<b>Б, б</b>
3	<b>C, c</b>	<b>Ө, ө</b>
4	<b>D, d</b>	<b>Д, д</b>
5	<b>E, e</b>	<b>Е, е (Э, э)</b>
6	<b>F, f</b>	<b>Ф, ф</b>
7	<b>G, g</b>	<b>Г, г</b>
8	<b>I, i</b>	<b>І, і</b>
9	<b>J, j</b>	<b>И, и</b>
10	<b>K, k</b>	<b>К, к</b>
11	<b>L, l</b>	<b>Л, л</b>
12	<b>M, m</b>	<b>М, м</b>
13	<b>N, n</b>	<b>Н, н</b>
14	<b>O, o</b>	<b>О, о</b>
15	<b>P, p</b>	<b>П, п</b>
16	<b>Q, q</b>	<b>Қ, қ</b>
17	<b>R, r</b>	<b>Р, р</b>
18	<b>S, s</b>	<b>С, с</b>
19	<b>T, t</b>	<b>Т, т</b>
20	<b>U, u</b>	<b>У, у</b>
21	<b>V, v</b>	<b>В, в</b>
22	<b>W, w</b>	<b>Ұ, ұ</b>
23	<b>X, x</b>	<b>Х, х (h)</b>
24	<b>Y, y</b>	<b>Ы, ы</b>
25	<b>Z, z</b>	<b>З, з</b>
-	<b>H, h</b>	үнсiз белгi
26	<b>Ah, ah</b>	<b>Ә, ә</b>
27	<b>Ch, ch</b>	<b>Ч, ч</b>
28	<b>Gh, gh</b>	<b>Ғ, ғ</b>
29	<b>Ng, ng</b>	<b>Ң, ң</b>
30	<b>Sh, sh</b>	<b>Ш, ш</b>
31	<b>Zh, zh</b>	<b>Ж, ж</b>
32	<b>Wh, wh</b>	<b>Ү, ү</b>

**Ескертулер:**

- 1) Қазақша кирилицадағы 42 әріптің екеуі –**Ъ, ь** толығымен қысқартылады, үшеуі – **й, ъ, э** үндес әріптермен біріктіріледі - **й, ъ, э**
- 2) Қосалқы дыбысты немесе кірме сөздерде кездесетін- **ё, ц, ю, я, щ** әріптері қосарлы әріптермен таңбаланады - «jo», «ts», «ju», «ja», «shsh»

ПРОЕКТ  
РУССКО-ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ

1	A, a	А, а
2	B, b	Б, б
3	C, c	Э, э
4	D, d	Д, д
5	E, e	Е, е
6	F, f	Ф, ф
7	G, g	Г, г
8	I, i	И, и
9	J, j	Й, й
10	K, k	К, к
11	L, l	Л, л
12	M, m	М, м
13	N, n	Н, н
14	O, o	О, о
15	P, p	П, п
16	R, r	Р, р
17	S, s	С, с
18	T, t	Т, т
19	U, u	У, у
20	V, v	В, в
21	X, x	Х, х
22	Y, y	Ы, ы
23	Z, z	З, з
-	H, h – знак без звука	
24	(’)	Ъ, ъ
25	(‘)	Ь, ь
26	Ch, ch	Ч, ч
27	Sh, sh	Ш, ш
28	Zh, zh	Ж, ж
29	Ts, ts	Ц, ц
30	Shsh, shsh	Щ, щ
31	Jo, jo	Ё, ё
32	Ju, ju	Ю, ю
33	Ja, ja	Я, я

## ЭКСКУРС В ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ

Вскоре, после обретения независимости нашей Республики, мы провозгласили казахский язык государственным и приняли все меры, чтобы на деле поднять его уровень. Недавно наш Первый Президент, Елбасы Назарбаев Н.А., в своей исторической по важности статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», опубликованной в газете «Егемен Казахстан» и «Казахстанская правда», поделился своими мыслями по одному из вопросов, касающихся будущего нации, чтобы духовная модернизация нашего народа шла впереди модернизации всей экономики страны и в том числе поднял вопрос перехода на латиницу, которая широко распространена в цивилизованных странах и является основой мира Интернета. В свое время, в 1929-1940 годы, латинский алфавит в течение 12 лет уже использовался в Казахстане.

Этот вопрос обсуждается в нашей стране с 1993 года. Соседние тюркоязычные государства, имеющие с нами общие корни, подняв этот вопрос одновременно с нами, уже давно перешли на латиницу. Разработкой казахско-латинского алфавита еще в 1994 году занимались ученые Казахско-Турецкого университета имени Х.А. Яссави, созданного по идее Президента Н.А. Назарбаева в 1991 году в г.Туркестане, где я работал первым ректором. Ученые университета под моим общим руководством разработали казахско-латинский алфавит и подготовили казахско-турецкий словарь для преподавателей и студентов из Турции. Это было нам необходимо для ведения занятий.

Как известно, во всех компьютерах и в Интернете используется основная база английского алфавита - 26 букв. За 10 лет, испробовав разные варианты, наши ученые-языковеды пришли к выводу о том, что при составлении нового алфавита нецелесообразно выходить за рамки основной базы латиницы (26 букв), которая используется в компьютерной технике.

В алфавитах отдельных тюркоязычных стран присутствуют отдельные буквы, взятые из базы Латиница - 1 (30 букв), Латиница - А (64 буквы), которых в компьютерах нет. Поэтому при его применении они испытывают значительные затруднения.

Предлагаемый нами новый казахско-латинский алфавит основан на главной базе латиницы, состоящей из 26 букв: «А», «В», «С», «D», «E», «F», «G», «H», «I», «J», «K», «Ь», «M», «N», «O», «P», «Q», «R», «S», «T», «U», «V», «W», «X», «Y», «Z». Новый алфавит включает 32 буквы, составленной из основной латиницы, с добавлением к ним сдвоенных букв (знаков), так называемых диграфов. Для этого одна буква «H,h» из основной базы принимается как беззвучный знак. К оставшимся 25 буквам (знакам) основной латиницы добавлены 7 букв из сдвоенных знаков (диграфов): ah(ә), ch(ч), gh(ғ), ng(н), sh(ш), wh(ұ), zh(ж).

Это удобно. В противном случае пришлось бы вводить в драйвер (клавиатуру) новые знаки. Например, служащий, находясь в командировке за рубежом, захочет написать письмо домой или в свою организацию, и если в алфавите, которым он пользуется, имеются знаки, не входящие в основную латиницу, то он должен будет внедрить в чужой компьютер новые буквы. А хозяева отелей вряд ли дадут разрешение каждому постояльцу вводить в их компьютеры свои буквы. Поэтому будет целесообразнее, если мы не выйдем за пределы основы базы латиницы и создадим самый удобный в мире казахско-латинский алфавит.

При создании нового алфавита мы руководствовались следующими принципами:

- поставив перед собой цель - облегчить процесс внедрения в международную систему Интернет, опираясь на основной фонд латиницы, состоящий из 26 букв, расширив его с помощью беззвучного знака - апострофа, создать новый казахско-латинский алфавит, состоящий из 32 букв;
- согласно договора тюркоязычных стран, принятого в 1993 году в Анкаре, количество буквенных знаков не должен превышать 34;
- принять во внимание опыт тюркоязычных стран, использующих латинский алфавит, а также особенности казахско-латинского алфавита, который был в употреблении в Казахстане в 1929-1940-х годах;
- обозначить один звук одной буквой (апостроф - это беззвучный знак).

Латинский алфавит для нас не чужд, мы пользовались им. К тому же на основе латинского алфавита с 1950 года мы непрерывно изучаем иностранные языки в школах и вузах. В этой статье

мы предлагаем ввести в состав казахско-латинского алфавита 32 буквы и один беззвучный знак «h». Основной недостаток большинства проектов, опубликованных на страницах наших газет, это то, что в них не указываются, как нужно обозначать сокращенные буквы из 42-значного казахского алфавита в кириллице, имеющих в настоящее время, а также новые знаки. Это может затруднить переводческую работу. Из действующего алфавита две буквы **ь, ъ** из кириллицы в новом алфавите отсутствуют, поскольку в казахском языке такие буквы, как **а, э, о, ө, і, ы, ү, ұ** произносятся как высокими, так и как низкими звуками. Сохранены используемые в основном при написании иностранных слов 5 букв **-ѐ, ц, ю, я, щ** – в которых в соответствии с казахской фонетикой правильно произносить как «yo», «ts», «yu», «ya», «shsh» а буквы **и, һ, и** слиты с близкими по произношению буквами **-й, х, е** и обозначены в новом алфавите как «i», «x», «e».

### Казахско-латинский алфавит:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>A, a</b>	<b>B, b</b>	<b>C, c</b>	<b>D, d</b>	<b>E, e</b>	<b>F, f</b>	<b>G, g</b>	<b>L, l</b>	<b>J, j</b>	<b>K, k</b>
<b>A, a</b>	<b>Б, б</b>	<b>Ө, ө</b>	<b>Д, д</b>	<b>Е, е</b> (Э, э)	<b>Ф, ф</b>	<b>Г, г</b>	<b>Л, л</b>	<b>И, и</b> (Й, й)	<b>К, к</b>

11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
<b>I, i</b>	<b>M, m</b>	<b>N, n</b>	<b>O, o</b>	<b>P, p</b>	<b>Q, q</b>	<b>R, r</b>	<b>S, s</b>	<b>T, t</b>	<b>U, u</b>
<b>I, i</b>	<b>М, м</b>	<b>Н, н</b>	<b>О, о</b>	<b>П, п</b>	<b>Қ, қ</b>	<b>Р, р</b>	<b>С, с</b>	<b>Т, т</b>	<b>У, у</b>

21	22	23	24	25	-	26	27	28	29
<b>V, v</b>	<b>W, w</b>	<b>X, x</b>	<b>Y, y</b>	<b>Z, z</b>	<b>H, h</b>	<b>Ah, ah</b>	<b>Ch, ch</b>	<b>Gh, gh</b>	<b>Ng, ng</b>
<b>В, в</b>	<b>Ү, ү</b>	<b>X, x(h)</b>	<b>Ы, ы</b>	<b>З, з</b>	Знак без звука	<b>Ә, ә</b>	<b>Ч, ч</b>	<b>Ғ, ғ</b>	<b>Ң, ң</b>

30	31	32
<b>Sh, sh</b>	<b>Wh, wh</b>	<b>Zh, zh</b>
<b>Ш, ш</b>	<b>Ү, ү</b>	<b>Ж, ж</b>

#### Примечания:

1) Исключены из кириллицы две буквы - **ь, ъ**; три буквы **и, һ** и **э** слиты с близкими по произношению буквами - **й, х, е**.

2) Двухзвучные буквы, встречающиеся в иностранных словах **-ѐ, ц, ю, я, щ** обозначить диграфами - «jo», «ts», «ju», «ja», «shsh».

Учитывая при этом нашу языковую природу, как указано выше, мы посчитали целесообразным обозначить буквы **и** и **й** (кириллица) одной буквой «j» (латиница). Редко используемую букву **щ** следует обозначить двумя **sh** - «shsh». Латинской буквой «i» лучше обозначить казахскую букву **і**, а букву «j» произносить как буквы **и, й**.

Для 4-х букв кириллицы **ч, ш, ж, ң** используются широко распространенные английские буквы – диграфы: «ch» - **ч**, «sh» - **ш**, «zh» - **ж**, «ng» - **ң**. Тогда только 3 буквы остаются обозначить диграфами дополнительно: «ah» - **ә**, «gh» - **ғ**, «wh» - **ұ**. Казахская буква **ө** близка по звучанию английской буквы «o», которая еще обозначается и так - [ɔ]. С учетом главного подхода к данной проблеме - использовать все буквы английского алфавита целесообразно обозначить **ө** как «e».

При упорядочении букв алфавита применяется последовательность латиницы. Предложенный проект нового алфавита без всяких усилий можно усвоить за короткий срок, потому что незнакомых для наших граждан диакритических знаков и неизвестных букв нет.

В настоящее время 3 языка(казахский, русский и английский) изучаются в наших школах и вузах на основе 2-х алфавитов - кириллицы и латиницы. При переходе на казахско-латинский алфавит мы также будем пользоваться этими же двумя алфавитами. Словом, здесь нет ничего трудного, а польза неоспорима.

Этим алфавитом с небольшим изменением может пользоваться и русскоязычное население нашей страны. Для этого только две буквы русского алфавита дополнительно обозначаются латинскими буквами: э - «e», и - «i». Мягкий и твердый знаки обозначаются апострофами: ь- «'», ъ -«''». Таким образом, все 33 буквы русского алфавита имеют свои обозначения в латинице. Две буквы основной латиницы «Q» и «W» при этом остаются неиспользованными.

Наш Казахстан намерен до 2050 года войти в число 30-ти наиболее развитых стран мира. Поэтому у нас нет другого пути, кроме как перейти на латиницу, освоить английский язык, овладеть самыми передовыми знаниями, наукой и новыми технологиями непосредственно от первоисточников знаний.

В заключение хотелось выразить пожелания: у нового казахско-латинского алфавита не должно быть автора, пусть это будет коллективный труд, ученых и педагогов нашей республики и нашей эпохи нового Казахстана, который переживает свой расцвет под мудрым руководством своего Первого Президента, Лидера нации Назарбаева Н.А. Это будет одно из грандиозных дел, ведущих нас в международное цивилизованное пространство. Оставив позади все сомнения, необходимо смело перейти на латиницу в ближайшие годы. Уже в 2017-2018 годах Указом Главы государства необходимо официально утвердить казахскую латиницу и постепенно набирая опыт, внедрить ее в практику.

Нет сомнений в том, что этот алфавит еще больше укрепит авторитет казахского языка в мировой цивилизации и нашего народа, как народа-новатора.

V dobryj put', doroje sootechstvennikj!

*Мурат ЖУРИНОВ,  
Президент НАН РК, академик*